МАҢҒЫСТАУЭНЕРГОМҰНАЙ
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қайырлы күн, аса кадірменді замандастар, құрметті әріптестер!

Сіздерді энергетика саласы кызметкерлерінің кәсіби мерекесі күнімен құттықтауға рұксат етіңіздер!

Энергетика саласынын аткаратын ролі еліміз үшін, жалпы қоғам үшін аса маңызды. Энергетиктер айрықша мамандык иелері, себебі олар өте күрделі және жауапты жағдайларда, күнделікті жұмысынын нәтижесінде адамзаттын, қоғамның энергияға деген кажеттілігін қамтамасыз етеді – ол дегеніміз қарапайым жылу, электрэнергиясы және жарық болып табылады. Бүгінгі таңда әлем экономикасының қай саласын алсаңызда энергетикасыз - электр қуатынсыз елестету мүмкін емес.

Жалпы салыстырмалы түрде қарайтын болсақ Энергетиктер жұмысы басқа мамандық иелеріне қарағанда ерекшелеу, өйткені олардың жұмысы жоғары профессионализмді, терең кәсібилікті, темірдей тәртіпті, саналылықты және үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Міне осындай тамаша мамандық иелері сіздерсіздер - Энергетик - мамандар!

Құрметті әріптестер!

Бүгінгі аталып отырған мерекеміз – энергетиктер күнінің биыл озіндік ерекшелігі бар, себебі осыдан 100 жыл бурын Кеңес одағы мемлекеттері энергетика саласын дамыту мақсатында ГОЭЛРО жоспарын жариялаган болатын.

Тарих беттеріне шолу жасайтын болсақ, аталып отырган **ГОЭЛРО жоспары** Қазакстан энергетикасынын калыптасуына тікелей әсерін тигізгенін білеміз.

Академик Шапық Шоқыұлы Шокин және Қазақстан Республикасының алғашқы энергетика министрі болған Батуров Тимофей Ивановичтің біріккен ғылыми еңбектерінде көрсетілгендей ГОЭЛРО жоспары қабылданған кезеңде еліміздегі электр станцияларының қуаты бар болғаны 3 МВт болған *(Верхне- Хариузовская ГЭС - ветеран казахстанской энергетики - продолжает работать и поныне),* ал қазіргі кезеңде жалпы электр станцияларының қуат көздері 20 000 МВт құрайды (Производство электрической энергии в Казахстане осуществляют 155 электрических станций различной формы собственности. По состоянию на 01.01.2020 г. общая установленная мощность электростанций Казахстана составляет 22936,6 МВт, располагаемая мощность — 19329,7 МВт).

Осы орайда бүгінгі таңда еліміздің біріккен энергетикалык жүйесіндегі (ЕЭС РК) электр станциялары құрамында **Қаламқас кен орнындағы ГТЭС-2х45МВт газотурбиналық электрстанциясының** да бар екендігін айтып өткен артық болмас деп ойлаймын.

Жоғары технологиялық, өте күрделі газотурбиналык электрстанциясының еліміздің батыс өңірінде алғаш рет біздің ұжымның мамандары мен басшылығының тікелей бастамасы негізінде салынғанын біздер ұмытпауымыз керек! Сол кездері заман талабын, болашақтың қажеттілігін дер кезінде сезініп, өздерінің білімін, тәжірибесін аямай еңбектенген, өз кәсібінің нағыз майталмандарының есімдерін атап өтер болсақ, олар қазіргі уақытта зейнеткер, **Қазақстан Республикасының құрметті энергетиктері Төлегенов Қ.Т., Жұмаев Т.Ж.**, және қазіргі күні де абыройлы қызмет атқарып жүрген - **Ешман Б.Ж.,** «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 2017-2019 жылдардағы бірінші басшысы **Иманбаев Б.А.,** «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС-нің **Матжанов М.С., Жүсіпов О.Ө., Тажибаев К.С.** бастаған ГТЭС өндірістік қызметінің барша мамандары болатын.

Құрметті ұжымдастар!

Бүгінгі мерекенің тағы бір ерекшелігі – арнайы мамандандырылған «Маңғыстауэнергомұнай» мекемесіне 25 жыл толуы.

Сіздерді тағы да төл мерекелеріңізбен және мекемеміздің ширек ғасырлық тойымен құттықтаймын!

Өткенге көз жүгіртсек, 25 жыл дегеніміз аса бір ұзақ та емес, ал уақыт өлшемімен қарағанда аз да емес. Осы уақыт аралығында «Маңғыстауэнергомұнай» мекемесі айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізгендігіне өздеріңіз куәсіздер.

1995 жылы арнайы мамандандырылған мекемені ашу барысында үш негізгі мәселе алға мақсат ретінде қойылған болатын:

Біріншіден, адам капиталы құндылығы, жұмыскерлердің қауіпсіздігін жоғары деңгейге жеткізу және өндіріс мәдениетін арттыру;

Екіншіден, электр қондырғылары мен тарату жүйелерінің жұмысын жақсарту, технологиялық ауытқуларды болдырмау. Мұнай өндірісі нысандарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, мұнай өндірісінің тиімділігін арттыру. Есепсіз шығындарды болдырмау;

Үшіншіден, өндірістегі электротехникалық нысандардың техникалық жағдайын үнемі жақсарту, модернизациялау, уақытылы жаңа технологияларды, дүниежүзілік энергетика индустриясы жетістіктерін енгізу және іске асыру.

Қазіргі таңда «Маңғыстауэнергомұнай» ұжымы ерен еңбектің арқасында алға қойған мақсаттарға толықтай қол жеткізді деп айтуға болады және де мекеміміз ұдайы даму жолында.

Ширек ғасырлық мерзімде ескеруге тұрарлық көлемді жұмыстар атқарылды, атап айтсақ:

- мекеме құрылған алғашқы кезеңдерден бастап, бұрын шетелдік мамандар қызметіне жүгінетін кейбір жұмыс түрлерін ұжымдағы кәсіби мамандардың біліктілігін арттыра отырып, өз күшімізбен электржабдықтарын сынақтау және үйлестіру жұмыстарын жүргізуге қол жеткізілді;
- құрамында жалпы саны 350 коммутациялық аппараттар, 350 автоматты релелік қорғау жабдықтары бар моральдық және техникалық тұрғыдан көнерген электр энергиясын тарататын 25 нысан (РП-6,10кВ, ПС-35кВ) қайта жаңғыртудан өтті;
- таратқыш электр жүйелерін қайта құру, жалпы көлемі 300 км 0,4, 6, 10, 35кВ әуе және кабельді желілерін жаңғырту. Техникалық талаптарга сай емес, тозығы жеткен 1850 дана электр бағаналары ауыстырылды;
- алғаш рет 2000 жылдан бастап мекеме мамандарының бастамасымен заманауи цифрлық технологиямен басқарылатын жүйе іске асырылды (СДТУ және АСТУЭ). Электр подстанцияларымен таратқыш объектілері бүгінгі күні қашықтықтан бір орталықтан басқарылады;
- техникалық қайта құру тәсілімен 6 дана электрподстанциялары 100% жаңғыртудан өткізілді;
- мұнай өндірісінде пайдаланылатын негізгі электроприводтар қорғау және басқару жүйесін жаңа сандық технологиямен жабдықталган құрылғылармен қайта жаңғырту жүргізілді және бүгінгі күні де жалғасуда;
- электр энергиясын үнемдеу және энергия тұтыну тиімділігін арттыру жұмыстары негізгі бағыттар болып алға қойылған, осы мақсатта электр тарату нүктелерінде реактивтік энергия қажеттілігін қамтамасыз ету жоғары деңгейде шешімін тапты;
- мекеме мамандарының тапқыр шешімдерімен жалпы электр энергиясын қамтамасыз ету жүйесі жұмысының, сонымен қатар ГТЭС электростанциясының сенімділігі мен тұрақтылығын арттыру мақсатында апаттық жағдайларға қарсы жұмыс жасайтын алдыңғы қатардағы электроавтоматика кешендері (ЧДА, АЧР, АЛАР, САОН) іске асырылды және осы бағыттағы жұмыстар әлі де жүргізілуде.

Құрметті әріптестер! Құрметті Маңғыстауэнергомұнай ұжымы!

Осындай ауқымды істердің ***атқарылуы Қожашев Б.Ә., Бигалиев К.Ш., Құдабаев С.У., Ізбасов Б.Н., Жентров С., Рамазанов Ж.Р., Суюндыков М.М., Жалмуханов С.М., Кушбаев Н.К., Дошымов А.К., Аймаганбетов Д.*** сияқты энергетик мамандардың іскер ұйымдастырушылығы мен біліктіліктерінің арқасында жүзеге асты.

Соңғы 3 жыл мерзімінде ішкі және сыртқы экономикалық факторлардың қолайсыз әсерлеріне қарамастан мамандандырылған мекеміміз одан әрі даму үстінде.

Бүгінгі МЭМ - жылдық қаржы айналым колемі 9-9,5 млрд теңгені құрайтын, арнайы мамандандырылған электрлік қызмет көрсететін компания;

Бүгінгі МЭМ - орташа жылдық қаражат игеру сомасы 1,5-2 млрд.теңгені құрайтын, жогарғы өндірістік қуаты бар энергокұрылыс және электромонтаждық жұмыстарды жүргізетін компания;

Бүгінгі МЭМ - еліміздің энергетика нарығында энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алуға 1 санатты лицензиялы сенімді серіктес. Жоспар бойынша алдымыздағы 2021 жылы бағасы 6,7 млрд теңге 287 млн.кВт электр энергиясы қызметін көрсету көзделуде;

Бүгінгі МЭМ - энергетика нарығындағы энергия қуатын өндіруші міндетін орындаушы тәжірибелі субъект. Газотурбиналық электрстанциясының жұмысын қамтамасыз ету арқылы тапсырыс беруші «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жалпы жылдык сомасы 7,3 млрд теңге тұратын 330 млн.кВт электрэнергиясын өндіруші. Осы тұрғыда «ММГ» АҚ жылдық орта есеппен 3,5 млрд.теңге экономикалық пайдалы әсер қарастырылуда;

Бүгінгі МЭМ – қоғамда өзіндік алатын орны бар, әлеуметтік ахуалы тұрақты, 800-ге тарта жұмыс орнымен қамтамасыз етуші, ірі бизнес санатындағы компания.

Орташа есеппен мемлекет қазынасына құйылатын жылдық салықтар көлемі 1446 млн.теңгені құрайды.

Атқаратын қызмет түрлерін көбейту жолымен қызмет көрсетудің географиялық ауқымын кеңейту арқылы, қаржы-экономикалық жағдайын тұрақтандыра отырып, компаниямыз өңіріміздегі ірі өндіріс орындары: «Маңғыстаумұнайгаз», «Өзенмұнайгаз», «Қаражанбасмұнай» АҚ, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сервистік қызмет көрсетуші компаниялары: «Oil Construction Company», «Oil Services Company», «Су өндіру және тасымалдау» ЖШС және де «Қазтрансойл» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ, «Өзен жылу», «Ақтау электр жүйелері» МК кәсіпорындары, МАЭК «КазАтомПром» тәрізді алдыңғы қатарлы компаниялармен серіктес бола отырып, алдағы 2021 жылға көлемі 16 млрд теңгені құрайтын өндірістік жоспарды карастыруда.

Сонымен қатар Маңғыстауэнергомұнай мекемесінің бизнес процестері барысындағы ең құнды жетістігі – адами ресурстар болып табылады.

25 жыл көлемінде атқарылған істермен қатар жинақталған мол тәжірибе оң нәтижелерін беруде, осы көрсеткіштерге себепші факторлар мен шаралар мыналар болып табылады:

- еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша қол жеткізген жетістіктеріміз. Биыл ҚМГ Ұлттық компаниясының «Қауіпсіздік жылы» саясатына сәйкес ешқандай жазатайым оқиғасыз, жарақатсыз осы жылды аяқтау үстіндеміз.

Адам кауіпсіздігі, жұмыс орындарының қауіпсіздігі әрқашанда қарапайым жұмысшыдан бастап мекеме басшылығы алдында тұрған бірінші кезектегі маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі таңда мекемемізде қоршаған ортаны, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету процестері бүкіл дүниежүзілік практикада тиімді деп есептелетін ИСО 14001, ИСО 45001 халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілуде.

- еңбек тиімділігі, өндірістік мәдениет өткен жылдарда атқарылган шаралар нәтижесінде жоғары деңгейде қалыптасты. Мекеме қызметін пайдаланушылардың талабын, сұранысын қанағаттандыру мақсатында барлық бизнес-процестер ИСО 9001 халықаралық сапа менеджменті стандартына сәйкес ұйымдастырылуда. Қызметкерлеріміздің еңбек өнімділігі алдағы жылдың өндірістік жоспарына сай бір адамға шаққанда 10,905 млн. теңге жобасында карастырылуда.

Құрметті әріптестер!

Бүгінгідей мерейлі мерекелер тоғысында баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілей отырып, еңбектеріңіздің жемісін көруге шын жүректен тілектеспін! Әлемде тыныштық болып, ырыс-құтымыз бен береке-бірлігіміз арта берсін!

Өздеріңізге деген зор құрметпен, «Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС бас директоры **Н.Р.Қосбаев**